

2009 жылы халықтың нысаналы тобына жататын азаматтардың жұмысқа орналасуына көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Егіндікөл ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 10 наурыздағы № А-3/68 қаулысы. Ақмола облысы Егіндікөл ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 03 сәуірде № 1-8-79 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Егіндікөл ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 22 ақпандағы № а-2/46 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Егіндікөл ауданы әкімдігінің 2010.02.22 № а-2/46 қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабы 1 тармағының 13 тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 7 бабының 2 тармақшасына сәйкес, әлеуметтік көмекке неғұрлым мұқтаж азаматтардың жұмысқа қамтылуына көмек көрсету мақсатында, Егіндікөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Беріліп отырған, халықтың нысаналы тобына жататын жұмыссыздар жұмысқа орналастырылатын кәсіпорындардың, ұйымдардың (олардың басшыларының келісімі бойынша) тізбесі бекітілсін.

2. Ауыл және ауылдық округ әкімдері «Егіндікөл ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесімен бірлесіп, нысаналы топқа жататын тұлғаларды жұмысқа орналастыру шараларын қ а р а с т ы р с ы н .

3. Егіндікөл ауданы әкімдігінің «2008 жылы халықтың нысаналы тобына жататын азаматтардың жұмысқа орналасуына көмек көрсету туралы» 2008 жылғы 18 қаңтардағы № а-1/8 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің аймақтық тізімінде № 1-8-63 тіркелген, аудандық «Шұғыла-Целинная нива» газетінде 2008 жылғы 29 ақпанда жарияланған) қаулысының күші ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ж . С . Ы с қ а қ о в а ғ а жүктелсін.

5. Аудан әкімдігінің осы қаулысы Егіндікөл ауданының Әділет басқармасында тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және ресми

жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

6. Осы қаулының әрекеті 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.

Аудан әкімі Б.Сұлтанов

КЕЛІСІЛДІ

«Егіндікөл ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік

мекемесінің бастығы А.Қазбеков

Егіндікөл ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 10 наурыздағы

№ а-3/68 қаулысымен бекітілді

Халықтың нысаналы тобына жататын жұмыссыздар жұмысқа орналастырылатын кәсіпорындардың, ұйымдардың

Тізбесі

№	Кәсіпорындардың, ұйымдардың атауы	Жұмыс істеушілер саны	Жұмысқа орналастыру бойынша тапсырыс
1	2	3	4
1	«Целина Агро» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	114	8
2	«Егіндікөл элеваторы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	65	5
3	Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының «Егіндікөл орталық аудандық ауруханасы» мемлекеттік мекемесі	161	9
4	«Ушаково ЛТД» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	147	5
5	«Сарымсақты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	92	5
6	Егіндікөл ауданы әкімдігінің жанындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы «Егінді-көл Су Арнасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	24	5
7	«Бауманское 07» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	347	11
8	«Қоржынкөл А» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	38	2

Кестенің жалғасы:

Оның ішінде санаттар бойынша:					
23 жасқа дейінгі балалар үйінің тәрбиеленушілері, жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар		21 жасқа дейінгі жастар	Кәмелетке толмаған балалар тәрбиелеп отырған жалғыздікті, көп балалы ата-аналар	Қарамағында Қазақстан Республикасы заңдары белгілеген тәртіппен үнемі қамқорлықты, көмекті немесе бақылауды қажет ететін тұлғалары бар азаматтар	Зейнет жасына дейінгі тұлғалар (жасына байланысты зейнетке шығуға екі жыл қалғандар)
Барлығы	Оның ішінде білім беру ұйымдарының түлектері				
5	6	7	8	9	10
1	1	3	1		1
		1			
		1	1	1	
		1	2		1
		1	1	1	
			1		
		1	1		
1	1	8	7	2	3

Кестенің жалғасы:

Оның ішінде санаттар бойынша:					
Мүгедектер	Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінен босаған тұлғалар	Жазасын өтеу орындарынан және (немесе) мәжбүрлі емдетуден босаған тұлғалар	Оралмандар	Ұзақ уақыт бойы (бір жылдан артық) жұмыс істемейтін тұлғалар	Аз қамтылғандар
11	12	13	14	15	16
			1	1	
1	1		1	1	

			1	3	2
				1	
				1	1
				3	1
	1	1		5	1
				1	1
1	2	1	3	16	6

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК